«Алғыс айту» күні

Алғыс – көңілді жадыратып, жақсылыққа жетелейтін сиқырлы сөз. Көктемнің алғашқы күнімен тұспа-тұс келетін «Алғыс айту» күні - қайырымдылықтың, достықтың және барша қазақстандықтардың бір-біріне деген сүйіспеншілігінің жарқын мерекесі.

Мереке қарсаңында мектеп оқушылары өз достарына, ата-аналарына алғыстарын айтып, ұстаздарын көтеріңкі көңіл күйде қарсы алды. Мерекелік шараға арнайы қонақтарымыз, Ұлытау облысының қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім» мекемесінің директоры, Аналар кеңесінің төрайымы Сейтжанова Гүлбану Орынбасарқызы, Ұлытау облысының Қоғамдық кеңесінің мүшесі, №4 жалпы білім беру мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Токишова Ақжарқын Ғалымқызы қатысып оқушылардың өнерлерін тамашалап, ізгі тілек, жылы лебіздерін білдірді.

Алғыс айту - жүрекке жылу сыйлайтын керемет қасиет, қарапайым адамгершілік парыз. Осы орайда мектептің белсенді оқушылары, мектеп парламенті мен мектеп театры мүшелеренің ата-аналарына зейінді де зерек, талантты да талапты бала тәрбиелегендері үшін Алғыс хаттар табысталды. Сонымен қатар мектебіміздің бірқатар кіші қызметкерлеріне арнайы сыйлықтар табысталып, мерекелік құттықтау айтылды.

Алғыс айта білген адам алғыс арқалай алады. Сондықтан күн сайын, тіпті сағат сайын әртүрлі себептерге байланысты бір-бірімізге алғыс айтқанымыз артық болмас. Ендеше, осындай күнді пайдалана отырып, айналамыздағы жақсы жандарға алғыс айтуды ұмытпайық!












Әлеуметтік-тұлымы кіші мектеп


1 Наурыз


наурыз
Рахмет!


ОТБАСЫ КІШІ МЕКТЕ











